

Табиғат ресурстарын  
тиімді пайдалану ,  
биосфераны қорғау



Табиғи қорлар – табиғи ортаның, қоғамның материалдық және рухани мұқтажын қамтамасыз ету үшін, өндірісте пайдаланылатын бөлігі. Табиғи қорларды тиімді пайдалану және адамзатты өне бойын – табиғи қормен қамтамасыз ету өте күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан табиғи қорларды сарқылтпау үшін қалпына келмейтін табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға, шикізаттың, отынның, қуаттың жаңа көздерін іздеуге барлық күш жұмылдыруда. Бұл шараларды іске асырудың маңызды жолдары – басқа шикізат түрін кеңінен қолдану және қалдықсыз пайдалану.

Осыған байланысты табиғи қорларды қорғаудың бүгінгі таңда дүниежүзілік маңызы бар проблемаға айналуы – заңды мәселе. Табиғи қорларға зиянды әсер тигізетін литосфера, гидросфера, атмосфераның ластануымен ойдағыдай күресу көптеген елдермен бірлесе отырып, бұл күрделі мәселені шешуді талап етеді.

*Республика аумағынан табиғатта кездесетін пайдалы қазбалардың көптеген түрлері табылған. Сонымен бірге климаттық және минералдық, отын энергетикалық, т.б. қорлар жөнінен көрнекті орын алады. Жалпы Қазақстанда кездесетін табиғи қорларды мынадай топтарға бөлуге болады:*



# Табиғи ресурсты тиімді пайдалану

- Қазіргі таңда табиғат ресурстарын тиімді пайдалану ауқымды проблеманы алып отыр. Себебі, табиғи қорлар қажетті деңгейде қорғалып жатқан жоқ. Елімізде көптеген құнды ресурстар бар, бірақ оны пайдалану деңгейі төмен және де оны жүзеге асыратын маман иелері елімізде тапшы болып отыр. Дамыған елдерде табиғат ресурстарын пайдалану жоғарғы деңгейде, себебі олар шикізат ресурсын өндіруші әрі экспорттаушы болып табылады. Өзіміздің елде де осы мәселені жолға қойсақ, елімізде табиғат ресурстарын тиімді пайдалануда проблемалар болмайды.
- Қазақстандағы табиғи қорларды тиімді пайдалану республиканың даму болашағы үшін маңызы зор. Алайда аумақты игеруге қатаң табиғат жағдайлары кедергі келтіреді. Табиғи қорларды игеру мәселесі табиғатты қорғаудың түйінді мәселелерін де туғызады. Табиғи қорларды игерудегі жіберілген қателіктер табиғаттың қай қоры болмасын таусылмайды деген жаңсақ ұғымның үстем болуына байланысты болды. Осының салдарынан табиғаттағы тепе-теңдік бұзылды. Мұны су қорын пайдалану мысалынан айқын көруге болады. Республика үшін су қорын тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені дамып келе жатқан өнеркәсіп пен суармалы егіншілік алқаптарының ұлғаюы суды көп қажет етеді.



- Республика үшін су қорын тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені дамып келе жатқан өнеркәсіп пен суармалы егіншілік алқаптарының ұлғаюы суды көп қажет етеді. Еліміздегі қазір қалыптасқан экологиялық жағдайда өзен суының ластанып немесе құмға сіңіп, ысырап болып жатқаны белгілі. Су қорларының дұрыс пайдаланылмауы, адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде су режимінің өзгеруі өз кезегінде табиғаттың басқа компоненттерінің өзгеруіне әкеп соқты.
- Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында мыңдаған гектар жер топырақ, су және жел эрозияларына ұшырады. Алғашқы жылдары өнім біршама мол болғанымен, кейінгі жылдары бұл көрсеткіш төмендеп кетті. Жыртылған жердің борпылдақ топырағы желдің әрекетінен құнарлы қабатын ұшырып әкетіп, сол жердің топырағы жел эрозиясына ұшырайды. Өйткені топырақтардың құрылымдық ерекшеліктері ескерілмеді.



**1. Отын-энергетикалық қорлар.** Қазақстанда бұл қор түрлерінен тас көмір, қоңыр көмір, мұнай, табиғи газ және жанғыш тақтатастар таралған. Тас көмір өндірілетін аудандары – Екібастұз, Майкүбі, Қарағанды, Кендірлік, Таскөмірсай, Алакөл кен орындары. Осылардың ішінде маңыздырағы – Қарағанды және Екібастұз алаптары. Мұнай мен газ қорлары Қазақстанның батысында шоғырланған. Бұлардың Маңғыстау түбегі мен Жемнің төменгі ағысындағы алқаптар игерілген. Барлық кен орындарында мұнайға қосымша табиғи газ өндіріледі. Ембі мұнайының сапасы жөнінен дүние жүзінде алдыңғы орындарда. Соңғы жылдары мұнда жаңа кен орындары барланып, игеріле бастады.

*Энергия алуға болатын табиғат ресурстары энергетикалық ресурстар деп аталады.*

## Отын-энергетика кешені

Отын  
өнеркәсібі

Мұнай

Газ

Көмір

Электр  
энергиясы

ЖЭС

СЭС

АЭС

Тасымалдау

Мұнай-газ  
құбырлары,


Электр  
желілері

МАҚСАТ: ӨНДІРУ → ӨҢДЕУ → ТҰТЫНУШЫҒА ЖЕТКІЗУ



**2. Минералдық қорлар.** Қазақстан минералдық қорлардың түрлері мен қоры жөнінен теңдесі жоқ аймақ болып табылады: мұнда шын мәнінде Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы дерлік шоғырланған. Мұнда әйгілі Соколов-Сарыбай, Қашар, Лисаков, Қоржынкөл кен орындары орналасқан. Сондай-ақ темір кені Алтайда , Қарсақпай, Қаражалда (Орталық Қазақстан) кездеседі.

Қазақстан полиметалл кендеріне де бай. Оның негізгі қорлары Кенді Алтайда, Сарыарқада, Оңтүстік Қазақстанда шоғырланған. Сирек және бағалы металл түрлерінің кен орындары бүкіл аумақта таралып орналасқан. Кен емес қазбалардан фосфориттер мен тұздардың, құрылыс материалдарының кен орындары негізінен Батыс және Оңтүстік Қазақстанда (Қаратау өңірінде) кездеседі. Фосфориттің қоры және сапасы жөнінен республикамыз дүние жүзіне әйгілі болып отыр.



**3. Климаттық қорлар.** Қазақстанның географиялық орнының ерекшеліктеріне байланысты климаттық қорлары мол. Өсіп-өну мерзімінің ұзақтығы, күн сәулесінің мол түсуі Қазақстанда, әсіресе оның оңтүстігінде көптеген жылу сүйгіш өсімдіктерді (жүгері, күріш, мақта және т.б.) өсіруге мүмкіндік береді. Қазақстанда күн қуаты тұрғын үйлерді, жылыжайларды жылытуға жұмсалады. Республика жел қуатына бай.

Желді аудандарда (Шар, Жалғызтөбе, Жетіс қақпасы, Іле аңғары және т.б.) жел қуатын механикалық және электр қуатына айналдыруға болады.



# Қазақстанның су ресурстары


Қазақстанның су артериялары шамамен 85 мың өзендерден құралған. Ең ірі су көздеріне: Ертіс, Есіл, Іле, Сырдария, Жайық, Шу, Талас, Асса өзендері жатады. Қазақстан су ресурстарының жетіспеушілігі күшті байқалатын елдердің қатарына жатады.








Жер шарының  
көп  
бөлігін су алып  
жатқанымен,  
көп елдер  
сусыздық  
зардабын  
шегуде









# Табиғи қорлар

- Табиғи қорлар – табиғи ортаның, қоғамның материалдық және рухани мұқтажын қамтамасыз ету үшін, өндірісте пайдаланылатын бөлігі. Табиғи қорларды тиімді пайдалану және адамзатты өне бойын – табиғи қормен қамтамасыз ету өте күрделі мәселелердің бірі болып отыр.
- Сондықтан табиғи қорларды сарқылтпау үшін қалпына келмейтін табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға, шикізаттың, отынның, қуаттың жаңа көздерін іздеуге барлық күш жұмылдыруда. Бұл шараларды іске асырудың маңызды жолдары – басқа шикізат түрін кеңінен қолдану және қалдықсыз пайдалану. Осыған байланысты табиғи қорларды қорғаудың бүгінгі таңда дүниежүзілік маңызы бар проблемаға айналуы – заңды мәселе.
- Табиғи қорларға зиянды әсер тигізетін литосфера, гидросфера, атмосфераның ластануымен ойдағыдай күресу көптеген елдермен бірлесе отырып, бұл күрделі мәселені шешуді талап етеді.
- Қазақстандағы тектоникалық құрылымдардың ерекшелігі, геологиялық даму тарихының күрделілігі, аумағының кең көлемді болуы мұнда сан алуан табиғи қорларының шоғырлануына жағдай жасайды. Республика аумағынан табиғатта кездесетін пайдалы қазбалардың көптеген түрлері табылған. Сонымен бірге климаттық және минералдық, отын-энергетикалық, т.б. қорлар жөнінен көрнекті орын алады.



- В.И.Вернадский биосфера туралы ілімін тұжырымдай келіп, ондағы тіршіліктің тракті дамуындағы адамның рөлін жоғары бағалайды. Ол: "Биосфераның болашағы адамның парасатты ақыл-ойына байланысты (ноосфера) бір қалыпты дамуы тиіс", — деді.
- . Ол: "Егер адамзат табиғатты осылайша пайдалана берсе, бүкіл биосфера тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін", — деген болатын.
- . Жер шарында жыл сайын 100 млрд т қазба байлықтары өндіріліп, 500 млн тоннадан астам химиялық заттар егістіктерге төгілді, 20 млрд т зиянды заттар мен 10 млрд т синтетикалық немесе қорытпа заттар, улы газдар қоршаған ортаға шығарылды.
- Атмосферада көмірқышқыл газы көбейіп, керісінше, оттегі азайып кетті. Сол сияқты ауадағы азот 110%-ға, азот диоксиді 7%-ға, ал күкірт 75%-ға көбейген.
- Судың мұнай өнімдері, өндіріс қалдықтары, ауыр металдар, улы химиялық заттармен ластануы өтек алуда. Көптеген елдерде таза су сапасының төмендеуі, ауыз су тапшылығы байқалуда.. Топырақтың құнарсыздануы, шөлейттенуі, ластануы, батпақтануы, сорлануы мен топырақ эрозиясы жер шарының оңтүстік аймақарында жиі байқалуда.
- Биосфера шегіндегі тепе-теңдіктің бұзылуы бүкіл ғаламшардың тіршілігін тұрақсыздандыруда. Әсіресе, климаттың өзгеруі адам баласын азығқ-түлікпен камтамасыз етуді шектеуде. Жер шарындағы орман ағаштарының 50%-ға жуығы кесілген. Жануарлар дүниесі, сапалы жайылымдар жойылып отыр. барлық өсімдіктердің 10—15%-ы, жануарлар мен құстардың 226—400 түрі біржола жойылып кетсе, 1200 түрі жойылып кету қаупінде тұр.







**Plant Tree  
Save Earth**


Help In saving Earth


[ptsei.blogspot.com](http://ptsei.blogspot.com)



Қортындылай келе біз табиғат ресурстарын тиімді пайдаланып, елімізде бар байлықтарды текке шашпаныздар дегіміз келеді. Табиғат біздің екінші анамыз! Сол себепті табиғат ананың бізге сыйға тартқан асыл байлығын тиімді пайдаланып, келесі ұрпаққа саф күміс қазынадай қалдырайық! Өз елімізде табиғат ресурстарын тиімді өндіру ақсақ болып тұр. Сондықтан, осы жұмысты игеретін мамандар иелерінің шығуына көптеп көңіл бөліп, қолға алғанымыз жөн. Еліміздегі қазір қалыптасқан экологиялық жағдайда өзен суының ластанып немесе құмға сіңіп, ысырап болып жатқаны белгілі. Су қорларының дұрыс пайдаланылмауы, адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде су режимінің өзгеруі өз кезегінде табиғаттың басқа компоненттерінің өзгеруіне әкеп соқты. Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында мыңдаған гектар жер топырақ, су және жел эрозияларына ұшырады. Алғашқы жылдары өнім біршама мол болғанымен, кейінгі жылдары бұл көрсеткіш төмендеп кетті. Жыртылған жердің борпылдақ топырағы желдің әрекетінен құнарлы қабатын ұшырып әкетіп, сол жердің топырағы жел эрозиясына ұшырайды. Өйткені топырақтардың құрылымдық ерекшеліктері ескерілмеді. Қолда бар алтынды қадірлей білейік!







**Назарларыңызға  
рақмет!**

